

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
2015 ж. «15» қыркүйек
№ 751 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

ҚАЛАҚАЙ МАЙЫ

Саудалық атауы

Қалақай майы

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Майлы сығынды

Құрамы

100 г препарат құрамында
белсенді зат – 5.0 г қалақай жапырақтары
қосымша зат – күнбағыс майы

Сипаттамасы

Жасыл-қоңыр түсті, өзіне тән иісі және дәмі бар майлы сұйықтық

Фармакотерапиялық тобы

Салқын тию және жөтел симптомдарын жоюға арналған препарат
АТХ коды R05

Фармакологиялық қасиеттері

Препараттың қабынуға қарсы, қақырық түсіретін, анемияға қарсы, қан тоқтататын, иммуномодуляциялаушы, антиоксиданттық әсері бар

Қолданылуы

Кешенді ем кезінде:

- бронхиттерде, пневмонияда, бронх демікпесінде, өкпе туберкулезінде
- темір тапшылығы бар анемияның алдын алуда және емдеуде, босанудан кейінгі қан кетулерде, етеккірдің көп келуі

- секреторлы функциясы төмендеген гастриттерде
- иммунитет төмендегенде
- шашты нығайту және өсуін күшейту, қайызғақ түзілуін азайту үшін

Қолдану тәсілі және дозалары

Бронх өкпе жүйесінің қабыну ауруларында ас ішерден 15-20 минут бұрын 3 жастан бастап 7 жасқа дейінгі балаларға – ½ шай қасықтан күніне 3 рет; 7 жастан үлкендер мен ересектерге – 1 шай қасықтан күніне 3 рет қабылдау керек. Емдеу курсы 10-14 күн.

Темір тапшылықты анемияда: ас ішерден 15-20 минут бұрын 3 жастан бастап 7 жасқа дейінгі балаларға – ½ шай қасықтан күніне 4 рет; 7 жастан үлкендер мен ересектерге - 1 шай қасықтан күніне 4 рет қабылдау керек. Емдеу курсы 20-30 күн.

Босанудан кейінгі кезеңде қан кетуде, етеккір көп келгенде күніне 4 рет 1 шай қасықтан тамаққа дейін, 10-20 күн.

Шаштың өсуін нығайту үшін шашты жуардан 2-3 сағат бұрын бастың шашты бөлігіндегі теріге ысқылап жағу керек.

Жағымсыз әсерлері

- сирек жағдайларда: қышыну, күйдіру, гиперемия. Жағымсыз құбылыстар және басқа да реакциялар пайда болған кезде препаратты қолдануды тоқтатқан жөн.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық.

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Айрықша нұсқаулары

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңінде дәрігердің тағайындауы бойынша қолдану керек.

Препараттың автокөлікті немесе қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне ықпал ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозаланауы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

50 мл және 100 мл препараттан бұрандалы мойны бар қызыл сары шыныдан жасалған фармацевтикалық қолдануға арналған шыны құтыларда. Сыйымдылығы 50 мл құтылар алғашқы ашуды бақылайтын сақинасы бар полиэтилен тамшылатқышпен және бұрандалы полипропиленді

қақпақтармен тығындалған. Сыйымдылығы 100 мл құтылар алғашқы ашуды бақылайтын сақинасы бар алюминий тығындармен тығындалған.

Әр құты мемлекеттік пен орыс тілінде жазылған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге қораптық картоннан жасалған қорапқа қапталады. Қолданылуы жөніндегі нұсқаулық мәтінін тікелей қорапшаға салуға жол беріледі.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25° С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Қолданар алдында шайқау керек!

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы обл., Есік қ., Маметова к-сі, 25,

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 297-27-01, 8 (727) 297-29-36, 8 (72775) 7-25-18

Тіркеу куәлігінің иесі

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы, телефон нөмірі, факс нөмірі, электронды поштасы.

«ФитОлеум» ЖШС

050037, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 163 «а»

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 8 (727) 297-27-01, 8 (727) 297-29-36

e-mail: fitoleum@mail.ru, www.fitoleum.kz